

**Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әскери-медициналық (медициналық) бөліністерінде әскери-медициналық (медициналық) қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 16 қарашадағы № 781 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 20 қарашада № 21664 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі кодексінің 11-бабы 1-бөлігінің 4) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әскери-медициналық (медициналық) бөліністерінде әскери-медициналық (медициналық) қамтамасыз ету қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелерінде медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 9 қазандағы № 828 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12275 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 27 қарашада жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Тыл департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі аппаратының басшысы және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Тыл департаментіне (Қ.Ә. Сұлтанбаев) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер Министрі

Е. Тургумбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

**Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әскери-медициналық (медициналық) бөліністерінде әскери-медициналық (медициналық) қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының әскери-медициналық (медициналық) бөліністерін әскери-медициналық (медициналық) қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 11-бабы 1-бөлігінің 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, ішкі істер органдарының әскери қызметшілеріне, олардың отбасы мүшелеріне және құқық қорғау органдарының зейнеткерлеріне (бұдан әрі - контингент) ішкі істер органдарының әскери медициналық (медициналық) бөліністерінде әскери-медициналық (медициналық) қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

Ішкі істер органдарының әскери қызметшілеріне (бұдан әрі - әскери қызметшілер) Ұлттық ұланның және әскери-тергеу органдарының әскери қызметшілері жатады.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 13.06.2023 № 480 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қағидаларда қызметкерлердің отбасы мүшелері деп жұбайы (зайыбы), ортақ немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің кәмелетке толмаған балалары (асырап алынған, асырауындағы немесе қорғаншылығындағы); білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алып жатқан жиырма үш жасқа толмаған балалар (асырап алынған, асырауындағы немесе қорғаншылығындағы) және жұбайының (зайыбының) балалары; мүгедектігі бар балалар (асырап алынған, асырауындағы немесе қамқорлығындағы) және жұбайының (зайыбының) он сегіз жасқа дейін мүгедектік белгіленген мүгедектігі бар балалары; қызметкердің асырауындағы ата-анасы және жұбайының (зайыбының) ата-анасы түсініледі.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 22.12.2023 № 925 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**2-тарау. Әскери-медициналық (медициналық) қамтамасыз ету тәртібі**

3. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әскери-медициналық ( медициналық) бөліністеріне мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Тыл департаментінің Медициналық басқармасы (бұдан әрі - Медициналық басқарма);

2) Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың полиция департаменттерінің медициналық бөлімдері (топтары) (бұдан әрі - ПД медициналық бөлімдері);

3) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Емханасы бар орталық госпиталі" мемлекеттік мекемесі, "Облыстардың полиция департаменттерінің емханасы бар госпиталі", "Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың полиция департаменттерінің емханасы" мемлекеттік мекемелері (бұдан әрі – ПО медициналық ұйымдары).

4) ПМ білім беру ұйымдарының медициналық-санитариялық бөлімдері (бұдан әрі – оқу орындарының МСБ);

5) Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығының Әскери-медицина басқармасы (бұдан әрі - ҚР ҰҰ ӘМБ);

6) Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери-дәрігерлік комиссиясы (бұдан әрі - ҚР ҰҰ ӘДК);

7) Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының санитариялық-эпидемиологиялық орталығы (бұдан әрі - ҚР ҰҰ СЭО);

8) Ұлттық ұлан өңірлік қолбасшылықтарының медицина басқармалары;

9) Ұлттық ұлан академиясының (бұдан әрі - ҰҰА) және әскери бөлімдерінің медицина қызметтері;

10) әскери бөлімдердің және олардың бөлімшелерінің әскери-медицина бөлімшелері (лазареттер, медициналық пункттер және кабинеттер).

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 11.07.2024 № 556 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери-медициналық ( медицина) бөліністері өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

5. Контингентті медициналық қамтамасыз ету бойынша ПД медициналық бөлімдерінің, ПО медициналық ұйымдарының және оқу орындарының МСБ жұмысын ұйымдастыруды және бақылауды Медициналық басқарма жүзеге асырады.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 22.12.2023 № 925 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Контингентті ПО медициналық ұйымдарында және оқу орындарының МСБ-де ("Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Емханасы бар орталық госпиталі" мемлекеттік мекемесін қоспағанда) медициналық қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастыру мен бақылауды ПД медициналық бөлімдері жүзеге асырады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 22.12.2023 № 925 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Контингентке медициналық көмекті ПО медициналық ұйымдары көрсетеді.

8. ПМ білім беру ұйымдарының курсанттарына медициналық көмек көрсетуді оқу орындарының МСБ жүзеге асырады.

9. ПО медициналық ұйымдарында медициналық қызметтің мынадай түрлері:

1) медициналық көмек;

2) зертханалық диагностика;

3) денсаулық сақтау саласындағы сараптама;

4) қоғамдық денсаулықты сақтау саласындағы қызмет;

5) контингенттің санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызмет көрсетіледі.

10. Құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, әскери қызметшілерді медициналық қамтамасыз ету ПО медициналық ұйымдарында бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Қызметкерлер, әскери қызметшілер қызметін өткеретін жерде немесе тұратын жерінде ішкі істер органдарының медициналық ұйымдары немесе оларда тиісті бөлімшелер, мамандар не арнаулы жабдық болмаған кезде медициналық көрсетілімдер бойынша қызметкерлерге және әскери қызметшілерге медициналық көмекті денсаулық сақтау субъектілері:

1) Кодекске сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде;

2) "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) жүйесінде;

11. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің және әскери қызметшілерінің өздерімен бірге тұратын отбасы мүшелеріне, сондай-ақ құқық қорғау органдарының зейнеткерлеріне медициналық көмек ішкі істер органдарының медициналық ұйымдарында көрсетіледі.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, әскери қызметшілерінің отбасы мүшелеріне және құқық қорғау органдарының зейнеткерлеріне медициналық көмек көрсету бойынша ішкі істер органдарының медициналық ұйымдарының көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуді әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры:

1) Кодекске сәйкес ТМККК шеңберінде;

2) Заңға сәйкес МӘМС жүйесінде жүзеге асырады.

12. Ішкі істер органдарының медициналық ұйымдары ұсынбайтын ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көмек алу үшін контингент алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін ұйымды еркін таңдау құқығын ескере отырып, тұрақты немесе уақытша тұратын жері бойынша денсаулық сақтау субъектілеріне тіркеледі.

13. ПО медициналық ұйымдары:

1) уақтылы және сапалы медициналық көмек көрсетуді;

2) барынша дәлелденген тиімділігі мен қауіпсіздігі бар профилактика, диагностика, емдеу және медициналық оңалту әдістерін қолдануды;

3) төтенше ахуал, әскери қақтығыс және терроризм актісі жағдайларындағы жұмысқа әзірлікті;

4) айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың, сондай-ақ кәсіптік аурулардың профилактикасы, алдын алу, диагностикасы, оларды емдеу және медициналық оңалту жөнінде іс-шаралар жүргізуді;

5) адамдарға медициналық көмектің нысандары мен түрлері туралы тегін, жедел және анық ақпарат беруді;

6) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді және гигиеналық нормативтерді сақтауды;

7) басқа да денсаулық сақтау ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасасуды және өз қызметіндегі сабақтастықты;

8) саламатты өмір салтын және дұрыс тамақтануды қалыптастыруды;

9) Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасында көзделген құзыретке сәйкес денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша бастапқы медициналық құжаттаманы жүргізу және Кодекстің 11-бабы 1-бөлігінің 13) тармақшасында көзделген құзыретке сәйкес Ішкі істер министрлігі бекіткен нысандар бойынша есептер беру;

10) ақпаратты:

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға - айналадағыларға қауіп төндіретін инфекциялық ауру, улану жағдайлары туралы;

медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мемлекеттік органға - жүкті, босанатын әйелдердің, босанғаннан кейін күнтізбелік қырық екі күн ішінде босанған әйелдердің қайтыс болу, пациенттерге жоспарлы медициналық көмек (медициналық-санитариялық алғашқы көмек және мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек) көрсеткен кезде олардың кенеттен қайтыс болу жағдайлары туралы;

азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға - төтенше ахуалдардың медициналық-санитариялық салдарының туындау қатері туралы және (немесе) туындауы туралы;

ішкі істер органдарына - жаңа жарақаттар, жаралар, жүктілікті жасанды үзуді заңсыз жүргізу, тұрмыстық зорлық-зомбылық себебі бойынша жүгінген адамдар туралы, айналадағыларға қауіп төндіретін ауру жағдайлары туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етуге міндетті.

14. ПО медициналық ұйымдары Қазақстан Республикасының заңнамасына, Кодекстің 7-бабының 32) және 82) тармақшаларында көзделген құзыретке сәйкес медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарына және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен медициналық көмек көрсету қағидаларына, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы жөніндегі комиссиясы мақұлдаған диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес медициналық көмек көрсетеді.

15. ПО медициналық ұйымдары медициналық көмекті бірінші деңгейде ( медициналық-санитариялық алғашқы көмек мамандарының амбулаториялық, стационарды алмастыратын жағдайларда және үйде медициналық көмек көрсету деңгейі) және екінші деңгейде (мамандандырылған медициналық көмекті жүзеге асыратын бейінді мамандардың амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда, оның ішінде бірінші деңгейде медициналық көмек көрсететін мамандардың жолдамасы бойынша медициналық көмек көрсету деңгейі) көрсетеді.

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Емханасы бар орталық госпиталі" мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі - ЕБОГ) медициналық бірінші, екінші және үшінші деңгейлерде көрсетіледі (үшінші деңгей – жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтерді қолдана отырып, мамандандырылған медициналық көмекті жүзеге асыратын бейінді мамандардың амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда, оның ішінде бірінші және екінші деңгейлердегі мамандардың жолдамасы бойынша медициналық көмек көрсету деңгейі).

16. ПО медициналық ұйымдарында медициналық көмек мынадай нысандарда ұсынылады:

1) шұғыл - денсаулыққа елеулі зиянды болғызбау және (немесе) өмірге төнген қатерді жою үшін кезек күттірмейтін медициналық араласуды қажет ететін кенеттен болған жіті аурулар мен жай-күйлер, созылмалы аурулардың асқынуы кезінде көрсетілетін медициналық көмек;

2) кезек күттірмейтін - пациенттің өміріне анық қатер төндірмейтін, кенеттен болған жіті аурулар мен жай-күйлер, созылмалы аурулардың асқынуы кезінде көрсетілетін медициналық көмек;

3) жоспарлы - көмек көрсетуді белгілі бір уақытқа кейінге қалдыру пациент жай-күйінің нашарлауына алып келмейтін, пациенттің өміріне қатер төндірмейтін аурулар мен жай-күйлер кезінде, сондай-ақ профилактикалық іс-шараларды жүргізу кезінде көрсетілетін медициналық көмек.

17. ПО медициналық ұйымдарында медициналық көмек:

1) тәулік бойы медициналық байқау мен емдеу көзделмейтін амбулаториялық жағдайларда, оның ішінде тәулік бойы жұмыс істейтін стационарлардың қабылдау бөлімшелерінде;

2) тәулік бойы медициналық байқау, емдеу, күтім, сондай-ақ тамақпен бірге төсек-орын беру көзделетін стационарлық жағдайларда, оның ішінде емдеу басталғаннан кейін алғашқы тәуліктер ішінде тәулік бойы байқау көзделетін "бір күннің" терапиясы және хирургиясы жағдайларында;

3) тәулік бойы медициналық байқау мен емдеу қажет етілмейтін және төсек-орын беріле отырып, күндізгі уақытта медициналық байқау мен емдеу көзделетін стационарды алмастыратын жағдайларда;

4) үйде: медицина қызметкерін, мобильдік бригаданы шақырған, медицина қызметкерлерінің белсенді патронажы кезінде, емдеу үйде (үйдегі стационар) ұйымдастырылған кезде;

5) медициналық ұйымнан тыс: медициналық алып жүруді талап ететін ПО іс-шараларын өткізу орны бойынша, санитариялық автокөлікте, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, әскери қызметшілерді тасымалдау кезінде көрсетіледі.

18. ПО медициналық ұйымдарында медициналық көмектің мынадай түрлері:

1) дәрігерге дейінгі медициналық көмек;

2) алғашқы медициналық-санитариялық көмек;

3) мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек;

4) медициналық оңалту болып табылады.

Контингентке жоғары технологиялық медициналық көмек ЕБОГ-де көрсетіледі.

19. Медициналық көмек алу үшін контингентті ресімдеуді ПО медициналық ұйымдары құқық қорғау органдарының кадр қызметтері ұсынған контингенттің тізімдері негізінде жүргізеді.

Медициналық қамтамасыз етуге ресімдеу жеке басын куәландыратын құжат (құқық қорғау органдары қызметкерлері, әскери қызметшілер үшін – жеке куәлігі және қызметкердің, әскери қызметшінің қызметтік куәлігі; қызметкердің, әскери қызметшінің отбасы мүшелері үшін – жеке куәлігі; қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан қызметкердің балалары үшін – туу туралы куәлігі немесе жеке куәлігі; құқық қорғау органдары зейнеткерлері үшін – жеке куәлігі және зейнеткерлік куәлігі) негізінде медициналық ұйымның жұмыс кестесіне сәйкес кез келген күнтізбелік уақытта жүзеге асырылады.

Контингент қатарындағы әрбір адамға Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасында көзделген құзыретіне сәйкес денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысанға сәйкес амбулаториялық пациенттің медициналық картасы ресімделеді, ол ПО медициналық ұйымы емханасының тіркеу орнында сақталады.

20. ПО медициналық ұйымдары емханасы жұмысының режимі демалыс және мерекелік күндері кезекші дәрігерлердің жұмысын қамтамасыз ете отырып, барлық мамандар мен құрылымдық бөліністер үшін жылжымалы кесте бойынша сағат 08.00.-ден сағат 20.00.-ге дейін белгіленеді.

21. Дәрігердің немесе орта медицина қызметкерінің үйге шақыртуларға қызмет көрсетуін бөлімше меңгерушісі, ол болмаған кезде учаскелік дәрігер (жалпы практика дәрігері) үйлестіреді.

Шақыртуды қабылдау емхана жұмысының аяқталуына 2 сағат қалғанда (18.00-ге дейін) аяқталады.

22. ПО медициналық ұйымдарының емхана жағдайындағы медициналық-санитариялық алғашқы көмек және амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек мыналарды:

1) пациенттерге жіті және созылмалы аурулар, жарақат, улану кезінде немесе басқа шұғыл жағдайларда дәрігерге дейінгі және мамандандырылған медициналық көмек көрсетуді;

2) шұғыл медициналық, оның ішінде үйде көмек көрсетуді;

3) созылмалы ауру нысандары бар адамдарды динамикалық бақылауды;

4) ауруларды ерте айқындау мақсатында пациенттерді тексеріп-қарауды;

5) пациенттерді жоспарлы емдеуге жатқызуға жіберуді;

6) функцияларының бұзылулары бар, тіршілік әрекеті және жұмысқа қабілеттілігі шектелген науқастарды ерте, жалғастырушы және кеш медициналық оңалтуды;

7) құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерді мерзімді міндетті медициналық тексеріп-қараудан өткізу;

8) медициналық қызметтер көрсету (мамандардың қабылдау және кеңес беру, зертханалық-аспаптық, оның ішінде экспресс-диагностика әдісімен зерттеулерді жүргізу, ауруларды және олардың асқынуларын аурулардың созылмалы нысандары бар науқастарды динамикалық бақылау арқылы бастапқы және екінші профилактикасы, ем-шаралар және манипуляциялар жүргізу, стационарды алмастыратын көмек көрсету

9) инфекциялық аурулардың ошақтарында санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды жүргізу;

10) науқастардың еңбекке уақытша жарамсыздығына сараптаманы, науқастардың уақытша еңбекке жарамсыздығына негіздемені;

11) "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңына және "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңына сәйкес құқық



қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілер қатарынан әскери-дәрігерлік комиссияның медициналық куәландыруына жататын адамдар туралы одан әрі қызметке жарамдылығы туралы мәселені шешу үшін құқық қорғау органының кадр қызметіне ұсынымдар жіберу;

12) Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасында көзделген құзыретіне сәйкес денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандарға сәйкес медициналық құжаттаманы жүргізу;

13) контингент арасында аурулардың алдын алу және саламатты өмір салтын қалыптастыру туралы түсіндірме жұмысын жүргізу;

14) иммундық профилактиканы ұйымдастыру және жүргізу;

15) онкологиялық сақтық, туберкулезді және жыныстық жолмен берілетін ауруларды айқындау, тиісті денсаулық сақтау ұйымдарына айқындалған науқастар туралы ақпаратты уақтылы беру бойынша емдеу-диагностикалық іс-шаралар жүргізуді;

16) медициналық оңалтуға және санаториялық-курорттық емдеуге іріктеуді;

17) дәрігерлердің және орта медицина персоналының біліктілігін арттыру бойынша іс-шараларды;

18) персоналдың және емхананың құрылымдық бөліністері қызметінің есебін жүргізуді, емхана жұмысын сипаттайтын статистикалық деректерді талдауды қамтиды.

23. ПО медициналық ұйымдарында еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жеке тұлғаның еңбекке жарамсыздығын ресми тану және оны сырқаттануы кезеңіне еңбек міндеттерін орындаудан уақытша босату мақсатында жүргізіледі.

24. ПО медициналық ұйымдарында еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру тәртібі Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

25. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің басқа денсаулық сақтау мекемелері берген еңбекке уақытша жарамсыздығы туралы парақтар немесе анықтамалар емдеу аяқталғаннан кейін төрт күн ішінде ПО медициналық ұйымдарында тіркелуге жатады.

26. Құқық қорғау органдары қызметкерінің, әскери қызметшінің еңбекке уақытша жарамсыздығы емделуде үздіксіз болудағы кезеңі жекелеген сырқаттар бойынша емделуде болудың неғұрлым мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, төрт айдан аспауға тиіс. Қызметкер емделуде үздіксіз болуының белгіленген мерзімі өткен соң, өзінің одан әрі қызмет атқаруға жарамдылығы туралы мәселені шешу үшін әскери-дәрігерлік комиссияның медициналық куәландырудан өтуге тиіс.

27. Қызметтік міндеттерін және қызметтік борышын орындау кезінде жарақаттануына, контузия алуына немесе мертігуіне байланысты қызметкерлердің

емделу уақытына шек қойылмайды. Аталған адамдар медициналық куәландыруға емделіп болған соң немесе ауруының нәтижесі анықталған жағдайда жіберіледі.

28. ПО медициналық ұйымдары құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілердің қатарынан әскери-дәрігерлік комиссияның медициналық куәландыруына жататын адамдар туралы құқық қорғау органының кадр қызметіне оның одан әрі қызметке жарамдылығы туралы мәселені шешу үшін ұсынымдар жіберуді жүзеге асырады.

29. ПО медициналық ұйымдарында динамикалық бақылау Кодекстің 88-бабының 2-бөлігінде көзделген құзыретіне сәйкес денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша созылмалы аурулары бар пациенттерді жүзеге асырады.

30. Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру қағидалары, бақылау кезеңділігі мен мерзімдері, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

31. ПО медициналық ұйымдарында контингентті стационарлық емдеуге жатқызу шұғыл түрде емдеуге жатқызуды қоспағанда көрсеткіштер бойынша ПО медициналық ұйымдары емханасы маманының жолдамасы бойынша жүзеге асырылады.

Дәрігерге дейінгі, білікті, мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық қызметтерді қолдана отырып, денсаулық сақтау ұйымдарында тәулік бойы медициналық бақылаумен медициналық көмек көрсету қажеттілігі емдеуге жатқызу үшін көрсетілім болып табылады.

32. Астана, Алматы қалаларынан тыс жерлерде тұратын контингентті стационарлық ем алуға Астана және Алматы қалаларында орналасқан ішкі істер органдары медициналық ұйымдарына емдеуге жатқызу Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 18 наурыздағы № 281 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13624 болып тіркелген) құқық қорғау органдарының және мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерін, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін, зейнеткерлерін және көрсетілген органдардың қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан қызметкерлерінің балаларын олар кәмелеттік жасқа толғанға дейін Астана және Алматы қалаларында орналасқан ішкі істер органдарының медициналық ұйымдарына жіберу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 22.12.2023 № 925 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

33. Құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдарының зейнеткерлерін ПО медициналық ұйымдарына стационарлық емделуге жатқызу Емдеуге жатқызу бюросы порталы арқылы жүзеге асырылады.

34. ПО медициналық ұйымдарының стационарларында дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету Кодекстің 7-бабының 46-тармақшасында көзделген құзыретіне сәйкес денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен қазақстандық ұлттық дәрілік формулярға сәйкес тегін көрсетіледі.

35. Контингент қатарынан пациентті басқа медициналық ұйымдарға стационарлық емдеуге ауыстыру Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

36. Контингентті шетелге емдеуге жіберу Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

37. ПО медициналық ұйымдарың күндізгі стационарларының мен стационарларының қызметі Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

38. Күндізгі стационар және стационарлық көмек жағдайларында емделуге жіберу тәртібі Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

39. Кодекстің 125-бабының 1-бөлігінде көзделген құзыретіне сәйкес Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша медициналық оңалту туа біткен аурулары бар адамдарға, жіті жай-күйлерден, хирургиялық араласудан, жарақаттардан, сондай-ақ олардың салдарынан кейін көрсетіледі.

40. Туа біткен аурулары бар адамдарға жіті жай-күйлерден, хирургиялық араласудан және жарақаттардан кейін медициналық оңалту бірінші, екінші және үшінші деңгейлердегі ПО медициналық ұйымдардың амбулаториялық, стационарлық, стационарды алмастыратын жағдайларында негізгі ауруды емдеу кезінде көрсетіледі.

41. Туа біткен ауруларды, жіті жай-күйлердің, хирургиялық араласудың және жарақаттардың салдарын медициналық оңалту Кодекстің 125-бабының 3-бөлігінде көзделген құзыретке сәйкес денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіпте пациентті оңалтудың жеке бағдарламасының медициналық бөлігіне сәйкес оңалту әлеуетін ескере отырып, бірінші, екінші және үшінші деңгейлердегі ПО медициналық ұйымдарының амбулаториялық, стационарлық, стационарды алмастыратын жағдайларында, сондай-ақ үйде және санаторийлік-курорттық ұйымдарда көрсетіледі.

42. Мультипәндік топтың қорытындысы бойынша оңалту әлеуеті жоқ пациентке медициналық оңалту көрсетілмейді.

43. "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңына сәйкес қызметтік міндеттерін атқару кезінде мертліккен (жараланған, жарақаттанған, контузия алған) қызметкерлер бюджет қаражаты есебінен санаториялық-курорттық емделуге жіберіледі.

44. "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметкерлер қызмет

міндеттерін орындау кезінде мертiккен (жараланған, жарақат алған, контузия) бюджет қаражаты есебiнен санаторийлiк-курорттық емделуге жiберiледi.

45. Санаторийлiк-курорттық емделуге жiберу кезiнде Кодекстiң 7-бабының 31) тармақшасында көзделген құзыретiне сәйкес денсаулық сақтау саласындағы уәкiлеттi орган бекiткен нысан бойынша медициналық құжаттама ресiмделедi.

### **3 тарау. ПМ бiлiм беру ұйымдарының курсанттарын медициналық қамтамасыз ету**

46. ПМ бiлiм беру ұйымдарында курсанттарды медициналық қамтамасыз ету денсаулық сақтау саласындағы уәкiлеттi органның нормативтiк құқықтық актiлерiнiң талаптарына сәйкес ұйымдастырылады және жүргiзiледi.

47. Оқу орындарының МСБ (бөлiм, пункт) негiзгi мiндеттерi:

1) курсанттардың денсаулығына қолайсыз әсер ететiн факторларды анықтау үшiн оқу процесiнiң, қызмет пен тұрмыс жағдайларын тұрақты зерделеу, сырқаттанушылық пен жарақаттанудың алдын алу жөнiндегi iс-шараларды әзiрлеу және өткiзу;

2) курсанттардың денсаулық жағдайын динамикалық бақылауды жүзеге асыру;

3) ПМ бiлiм беру ұйымдарында ПМ бiлiм беру ұйымдарының курсанттары мен қызметкерлерiне шұғыл медициналық көмек көрсету;

4) курсанттарға амбулаториялық, стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсетудi ұйымдастыру;

5) курсанттарды ПО медициналық ұйымдарына стационарлық емделуге жiберу;

6) ПМ бiлiм беру ұйымдарында санитариялық-гигиеналық және эпидемияға қарсы iс-шаралар кешенiн жүргiзу;

7) гигиеналық бiлiмдi, салауатты өмiр салтын насихаттау бойынша iс-шараларды ұйымдастыру және өткiзу.

48. Оқу орнының МСБ (бөлiм, пункт) емдеу-диагностикалық жұмысының көлемi Денсаулық сақтау саласындағы уәкiлеттi органның штатына және нормативтiк құқықтық актiлерiнiң ережелерiне сәйкес айқындалады.

49. Оқу орнының МСБ (бөлiм, пункт) бастығы ПМ бiлiм беру ұйымының бастығына, сондай-ақ ПД медициналық бөлiмiнiң басшысына бағынады.

50. Оқу орнының МСБ (бөлiм, пункт) бастығы ПМ бiлiм беру ұйымдарының курсанттарын медициналық қамтамасыз етудi ұйымдастыруға және оның жай-күйiне жауап бередi.

51. Оқу орнының МСБ (бөлiм, пункт) бастығы мiндеттi:

1) денсаулығына қолайсыз әсер ететiн және аурулар мен жарақаттардың туындау себебi болып табылатын факторларды анықтау үшiн, осы негiзде кешендi алдын алу iс-шараларын әзiрлеу және жүргiзу үшiн курсанттардың оқу процесi мен тұрмыс жағдайларын үнеми зерделеуге;

2) ПМ бiлiм беру ұйымында санитариялық-гигиеналық, эпидемияға қарсы және емдеу-диагностикалық жұмысқа басшылықты жүзеге асыру;

3) ПМ білім беру ұйымдарында шұғыл медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ету;

4) курсанттардың ПО медициналық ұйымдарында және басқа денсаулық сақтау субъектілерінде медициналық көмек алуын ұйымдастыруға;

5) гигиеналық білімді, салауатты өмір салтын насихаттау бойынша іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру;

6) ПМ білім беру ұйымдарының курсанттарын медициналық қамтамасыз ету мәселелері бойынша ПО медициналық ұйымдарымен және басқа денсаулық сақтау субъектілерімен оқу орнының МСБ (бөлім, пункт) өзара іс-қимыл жасасуын қамтамасыз ету;

7) ПМ білім беру ұйымының және ПД медициналық бөлімінің басшылығына курсанттардың денсаулығын жақсарту бойынша жасалған жұмыс туралы есептерді және ұсыныстарды уақтылы ұсынуға міндетті.

52. Оқу орнының МСБ (бөлім, пункт) дәрігері (фельдшері):

1) курсанттардың денсаулығына қолайсыз әсер ететін факторларды анықтау мақсатында олардың денсаулық жағдайын, оқу даярлығы мен тұрмыс жағдайын талдауға;

2) ПМ білім беру ұйымының басшылығымен бірлесіп қажетті алдын алу іс-шараларын әзірлеуге және өткізуге;

3) курсанттардың денсаулық жағдайын динамикалық бақылауды ұйымдастыруға және медициналық тексерулерді жүргізуге қатысуға;

4) гигиеналық білімді, салауатты өмір салтын насихаттауға қатысуға міндетті.

#### **4-тарау. Ішкі істер органдарында санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету**

53. Медициналық басқарманың және ПД медициналық бөлімдерінің мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау топтары (бұдан әрі – МСЭҚ топтары), ҚР ҰҰ ӘМБ санитариялық-эпидемиологиялық бөлімі (бұдан әрі – ҚР ҰҰ ӘМБ СЭБ), ҚР ҰҰ СЭО, өңірлік қолбасшылықтардың медицина басқармалары, ҰҰА және әскери бөлімдерінің медицина қызметтері ішкі істер органдары жеке құрамының санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын ішкі істер органдарының құрылымдық бөліністері болып табылады және мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің бірыңғай жүйесіне кіреді.

**Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 11.07.2024 № 556 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

54. Медициналық басқарманың және ПД медициналық бөлімдері МСЭҚ топтарының, ҚР ҰҰ ӘМБ СЭБ, ҚР ҰҰ СЭО, өңірлік қолбасшылықтардың медицина басқармаларының, ҰҰА және әскери бөлімдері медицина қызметтерінің бас

санитариялық дәрігерлері мен мамандары ішкі істер органдары жеке құрамының санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар болып табылады.

**Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 11.07.2024 № 556 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

55. Ішкі істер органдарындағы санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау бақылау және қадағалау субъектілерінің Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасын, оның ішінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бұзушылықтардың алдын алуға, анықтауға, олардың жолын кесуге және жоюға бағытталған.

56. Жеке және заңды тұлғалар, ғимараттар, құрылыстар, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын өнім, жабдық, көлік құралдары, су, ауа және қызметі, пайдаланылуы, тұтынылуы, қолданылуы мен пайдаланылуы адамның денсаулық жағдайына және тіршілік ортасына зиян келтіруі мүмкін өзге де объектілер халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау субъектілері (объектілері) болып табылады.

57. Ішкі істер органдарында санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау Кодекске және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамалық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

58. Санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шаралар ішкі істер органдарының жеке құрамы арасында инфекциялық, паразиттік аурулардың алдын алу және оларды жою жөніндегі эпидемияға қарсы іс-шараларды білдіреді.

59. Ішкі істер органдарының объектісінде инфекциялық, паразиттік аурулар анықталған кезде мынадай санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізіледі:

- 1) науқастарды анықтау, оқшаулау және емдеуге жатқызу, инфекционист-дәрігердің консультациясы;
- 2) ағымдағы және қорытынды дезинфекция;
- 3) эпидемиологиялық тексеру;
- 4) медициналық бақылау, обсервация немесе карантин;
- 5) вакцинация жүргізу.

60. Ішкі істер органдарындағы санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шаралар Кодекске және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамалық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК